

«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ

«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ президентінің
2022 жылғы 14 қыркүйектегі
№48-П бұйрығымен бекітілген

**«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ мүшелерінің
брокерлік (дилерлік) этика кодексі**

2022 ж.

 CASPY COMMODITY EXCHANGE	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ мүшелерінің брокерлік (дилерлік) этика кодексі		
		2-нұсқа	2-ші бет/ 6 беттен

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы «Каспий» Тауар Биржасы» АҚ мүшелерінің брокерлік (дилерлік) этика кодексі (бұдан әрі - Кодекс) Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 мамырдағы «Тауарлық биржалар туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 наурыздағы №280 бұйрығымен бекітілген биржалық сауда ережелерінің 131-тармағы 8) тармақшасына (бұдан әрі - Ережелер) және Биржаның өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.
2. Кодексті әзірлеудегі мақсат - Қазақстан Республикасының биржалық сауда саласындағы қолданыстағы заңнамасының талаптарын орындау, Биржаның электрондық сауда алаңында ұйымдастырылатын биржалық сауда барысында, сауда операцияларында және Биржа мүшелері өз клиенттеріне қызмет көрсететін өзге де уақыттарда брокерлердің (дилерлердің) (бұдан әрі - Биржа мүшелері) мінез-құлық қағидаттары мен стандарттарын қалыптастыру, олардың кәсібилігін арттыру, биржалық сауданың ашықтығы мен бәсекелестігін жоғарылату.
3. Брокерлік этика кодексі Биржаның барлық мүшелері үшін, олардың қай сауда секциясында қызмет атқарып жүргеніне және өзге де мән-жайларға қарамастан, міндетті болып табылады.
4. Биржа мүшелерінің Кодекс талаптарын орындау міндеті брокер (дилер) Биржа мүшелігіне қабылданған күннен басталып, оны мүшеліктен шығару және (немесе) өз еркімен мүшеліктен шығу күнімен тоқтатылады.
5. Кодекс Биржа президентінің бұйрығымен бекітіледі және күшіне енеді, жалпыға жария етіліп және www.ccx.kz интернет-ресурсында жариялау арқылы барлық Биржа мүшелеріне жеткізіледі.
6. Кодексте белгіленген нормаларды сақтайтын кез келген Биржа мүшесі осы нормалардың басқа Биржа мүшелері тарапынан да сақталуын күтуге және талап етуге құқылы.

2. БИРЖА МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТ ПРИНЦИПТЕРІ

7. Биржа ұйымдастыратын биржалық саудаға қатысу барысында Биржа мүшелері келесі принциптерді басшылыққа алуға міндетті:
 - а. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын, биржалық сауда саласында да, басқа салаларда да, сондай-ақ Биржаның ішкі нормативтік актілерін қатаң сақтау;
 - б. Биржамен, басқа Биржа мүшелерімен және өз клиенттерімен өзара қатынастарда адал емес бәсекелестік фактілеріне жол бермеу;

 CASPY COMMODITY EXCHANGE	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ мүшелерінің брокерлік (дилерлік) этика кодексі		
		2-нұсқа	3-ші бет/ 6 беттен

- c. Биржаға да, өз клиенттеріне де, сондай-ақ басқа Биржа мүшелеріне қатысты құпия ақпаратты, сондай-ақ коммерциялық құпияны жария етпеу;
- d. Өз қызметін атқару кезінде клиенттермен, Биржамен және басқа Биржа мүшелерімен қатынастарда барынша адал әрі ашық әрекет ету;
- e. Бейтарап болып, сыбайлас жемқорлық элементтерінің кез келген көріністерін болдырмау;
- f. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қорғалатын коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы бағытталған кез келген әрекеттерді жасамау және өз өкілеттігі шегінде оларды болдырмау;
- g. Өз қызметін жүзеге асыру барысында ең алдымен клиент мүдделерін басшылыққа алып, олардың мүдделерін өз мүдделерінен жоғары қою;
- h. Кез келген іскерлік қатынастарда бейтарап болу;
- i. Клиенттерге ұсынылатын ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету;
- j. Клиенттердің Биржаға және биржалық саудаға деген сенімін сақтау және нығайту;
- k. Өзінің де, Биржаның да, сондай-ақ биржалық сауданың да беделін түсіретін кез келген әрекеттерге жол бермеу.

3. БИРЖА МҮШЕЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ТЫЙЫМДАРЫ

8. Биржа мүшелері келесі қағидаларды орындауға міндетті:

- a. Кодекстің, Заңның, Ережелердің, Биржа клирингтік ұйымының клиринг ережелерінің, Биржа мен оның клирингтік ұйымының басқа да ішкі құжаттарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын қатаң сақтау;
- b. Биржалық сауданың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға, сондай-ақ оның бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға жәрдемдесу;
- c. Биржалық сауданы реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның, Биржаның және оның клирингтік ұйымының ұсынымдарын басшылыққа алу;
- d. Биржалық сауда саласындағы қолданыстағы заңнаманың, Кодекстің, сондай-ақ Биржа мен оның клирингтік ұйымының басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын бұзуға байланысты адал емес әрекеттердің алдын алуға және (немесе) олардың салдарын жоюға бағытталған Биржаның барлық нұсқамалары мен талаптарын орындау;

 CASPY COMMODITY EXCHANGE	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ мүшелерінің брокерлік (дилерлік) этика кодексі		
		2-нұсқа	4-ші бет/ 6 беттен

- e. Қаржылық шығынға әкелетін немесе іскерлік беделіне қауіп төндіретін жағдайлардан басқа, өзіне жүгінген клиенттерге брокерлік қызмет көрсетуден негізсіз бас тартпау;
- f. Биржа жүргізетін биржалық саудаға және өзге де биржалық рәсімдерге байланысты әртүрлі мәселелер бойынша қызметтік тексерулер барысында сұратылған ақпаратты (құжаттарды) Биржаға ұсыну;
- g. Басқа тауарлық биржаларда брокер және/немесе дилер ретінде аккредитациядан өткен жағдайда, бұл әрекеттер және өткен аккредитация нәтижелері туралы Биржаны жазбаша түрде хабардар ету.

9. Биржа мүшелеріне келесі бұзушылықтарға тыйым салынады:

- h. Биржалық саудада сатылатын тауарлардың бағасына манипуляция жасау, сондай-ақ Биржаның электрондық сауда алаңында сатылатын тауарлардың бағасын заңсыз реттеу мақсатында басқа Биржа мүшелерімен және (немесе) кез келген үшінші тұлғалармен алдын ала келісім бойынша мәмілелер жасау;
- i. Биржалық сауданы реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға, Биржаға, өз клиенттеріне, сондай-ақ басқа Биржа мүшелеріне әдейі жалған, шындыққа сай емес немесе бұрмаланған ақпарат беру;
- j. Өзге клиенттердің мүддесіне зиян келтіре отырып, белгілі бір клиентке заңсыз артықшылық көрсету;
- k. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес құпия ақпаратқа, сондай-ақ коммерциялық құпияға жатқызылған мәліметтерді жария ету және (немесе) үшінші тұлғаларға беру;
- l. Биржалық саудаға қатысу үшін аффилиирленген және/немесе жалған брокерлік компанияларды пайдалану, сондай-ақ адал емес, әділетсіз бәсекелестіктің өзге де әдістерін қолдану;
- m. Мемлекет алдында ұзақ уақыт бойы орындалмаған салық міндеттемелері бар қарсы тараптармен ынтымақтастық жасау;
- n. Биржалық сауданы бұзушылар тізімінде тұрған клиенттермен жұмыс істеу;
- o. Мемлекеттік сатып алудың адал емес қатысушылары тізілімінде немесе өзге де тәуекелді қарсы тараптар тізілімдерінде тұрған клиенттермен жұмыс істеу;
- p. Теріс іскерлік беделі бар, оның ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік немесе азаматтық жауапкершілікке тарту туралы сот актілері қабылданған, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізу қозғалған қарсы тараптармен өзара әрекеттесу;

 CASPY COMMODITY EXCHANGE	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ мүшелерінің брокерлік (дилерлік) этика кодексі		
		2-нұсқа	5-ші бет/ 6 беттен

- q. Биржаның бәсекелестерімен заңсыз жолмен ынтымақтасу, Биржаның іскерлік беделіне және репутациясына нұқсан келтіретін, сондай-ақ Биржаға кез келген залал келтіретін әрекеттерді жасау;
- r. Ақшаны заңдастыруға (қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін нормативтерде көзделген тізімдерде тұрған, оның ішінде террористік қызметке қатысы бар тұлғалар тізімінде, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізімінде және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізімінде тұрған қарсы тараптармен өзара әрекеттесу; сондай-ақ клиент (оның өкілдері) және бенефициар иелері БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларына сәйкес халықаралық санкция қолданылған тұлға немесе ұйым болып табылған жағдайда онымен жұмыс істеу;
- s. Биржалық сауданың бәсекеге қабілеттілігін төмендетуге, сондай-ақ Биржаны және жалпы биржалық сауданы беделдендіруге бағытталған өзге де әрекеттерді жүзеге асыру.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

- 10. Биржа мүшесі биржалық сауда саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, Кодекстің және Биржа мен оның клирингтік ұйымының басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын орындамағаны үшін Биржа алдында жауап береді.
- 11. Биржа келесі фактілер анықталған жағдайда, биржалық саудаға қатысушылар мен үшінші тұлғалардың өтініштері бойынша, сондай-ақ өз бастамасымен қызметтік тексеру жүргізуге құқылы:
 - a. Биржаға немесе Биржаның клирингтік ұйымына тауарларды сатып алу (*сату*) жөніндегі өтінімдерді, арыздарды беру кезінде, электрондық биржалық саудаға дайындалу және қатысу барысында Биржа мүшелерінің бірдей IP-мекенжайларды (*тіркелгі жазбасын*), бағдарламалық-есептеу құралдарын пайдалану;
 - b. Биржа мүшелерінің бірдей заңды және (немесе) нақты орналасу мекенжайын пайдалану;
 - c. Әр түрлі мүшелерге арналған электрондық цифрлық қолтаңба сертификаттарын бір тұлғаның атына рәсімдеу;

 CASPY COMMODITY EXCHANGE	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ мүшелерінің брокерлік (дилерлік) этика кодексі		
		2-нұсқа	6-шы бет/ 6 беттен

- d. Саудаға қатысуға арналған құжаттарды әртүрлі шаруашылық жүргізуші субъектілер атынан бір тұлғаның - өкілдің дайындауы;
- e. Сондай-ақ биржалық сауда саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, Кодекстің және Биржа мен оның клирингтік ұйымының басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын мүшелердің өрескел бұзуының өзге де жағдайларында.

11. Егер Биржа мүшесінің биржалық сауда саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, Кодекстің және Биржа мен оның клирингтік ұйымының басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын бұзуы анықталған жағдайда, Биржа өз қалауы бойынша оған қатысты Қазақстан Республикасының биржалық сауда саласындағы заңнамасында және (немесе) Биржаның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіптік ықпал ету шараларын, оның ішінде жіберілген бұзушылықтардың ауырлығы мен қайталануына қарай аккредитацияны тоқтата тұру және (немесе) тоқтату шараларын қолдануға құқылы.
